

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесіне құқық беруге арналған өтінішке азамат қоса ұсынатын құжаттар мен мәліметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 маусым N 777. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

"Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының бесінші бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесіне құқық беруге арналған өтінішке азамат қоса ұсынатын құжаттар мен мәліметтер Тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті азаматта жеке тұрғын үй құрылысы үшін құқық берілген жер учаскесінің болуы немесе жоқтығы туралы анықтама нысанын әзірлесін және оны белгіленген тәртіппен бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 5 маусымдағы
N 777 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесіне құқық беруге арналған өтінішке азамат қоса ұсынатын құжаттар мен мәліметтер ТІЗБЕСІ

Күжаттар мен мәліметтердің атауы | Күжаттар мен мәліметтерді
кім береді немесе кім ұсынады

Азаматта жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер қатынастары және жерге құқық берілген жер учаскесінің болуы орналастыру жөніндегі аудан.

немесе жоқтығы туралы анықтама (тұрақ. дық (қалалық) комитет ты тұратын жері бойынша жеке құрылыс салушыға беріледі)

Азаматта жеке тұрғын үйдің болуы неме.жергілікті техникалық түгендеу се жоқтығы туралы анықтама (тұрақты бюросы, поселке немесе село тұратын жері бойынша жеке құрылыс са. әкімі лушыға беріледі)

Жеке құрылыс салушының өтінішінде жеке құрылыс салушы көрсетілетін мәлімет*:

фамилиясы, аты, әкесінің аты;
тұрақты тұратын жері;

сұралатын жер учаскесінің орнала.
суы мүмкін жер(аудан, көше,
квартал номері және басқалары);

жер учаскесінің жобалық көлемі;
тұрақты тұратын жерге жатпайтын
жеке тұрғын үй құрылысы үшін
құқық берілген жер учаскесінің
болуы

жеке құрылыс салушы (жер учас.
кесінің орналасқан жері мен
көлемі, осы учаскені беруші
органның атауы, шешімнің
нөмірі мен уақыты)

* Мәліметтердің растығы үшін дербес жауапкершілік жеке құрылыс салушыға жүктеледі.